

2026 жылғы 11 қыркүйек

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

ВСС Invest Қазақстанның Даму Банкінің Dim Sum облигацияларын маңызды орналастыру мәмілесінде жалғыз жергілікті менеджер ретінде әрекет етті

Алматы, 2026 жылғы 11 қыркүйек – «Банк ЦентрКредит» АҚ еншілес ұйымы – «ВСС Invest» АҚ («ВСС Invest») «Қазақстанның Даму Банкі» акционерлік қоғамының («ҚДБ») оффшорлық қытай юанімен (CNH) номинирленген, айналыс мерзімі 5 және 10 жыл болатын облигацияларының екі траншын орналастыру аясында жалғыз жергілікті менеджер ретінде әрекет етті.

ҚДБ жалпы көлемі **3,7 млрд юань** болатын Dim Sum облигацияларының екі траншын бір мезгілде орналастырды: көлемі **2,0 млрд юань** 5 жылдық транш, купондық мөлшерлемесі **2,25%** және өтеуге дейінгі кірістілігі **2,35%**, сондай-ақ көлемі **1,7 млрд юань** 10 жылдық транш, купондық мөлшерлемесі **2,75%** және өтеуге дейінгі кірістілігі **2,95%**.



Мәміле **Орталық Азия эмитенттері арасында ең ірі RMB-орналастыру*** және **кірістілігі ең төмен орналастыру** болды. Осылайша юаньмен

қаржыландыру нарығында өңірдің қарыз алушылары үшін жаңа бағдар белгіленді. Қол жеткізілген параметрлер ҚДБ-ның борыштық құралдарына деген сұраныстың жоғары деңгейін және халықаралық инвесторлардың Қазақстан эмитенттеріне деген қызығушылықтың артып келе жатқанын көрсетеді.

Халықаралық инвесторлардың тарапынан жоғары сұраныс нәтижесінде өтінімдер кітабының шекті көлемі **25 млрд юаньнан** асты, бұл шамамен **7 еселік** артық жазылымға сәйкес келеді. Мәмілеге Азия, Еуропа, Орталық Азия, Таяу Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінен институционалдық инвесторлар, оның ішінде банктер, активтерді басқарушы компаниялар, қорлар және сақтандыру ұйымдары қатысты.

Айналыс мерзімдері әртүрлі — 5 және 10 жылдық екі транштың бір мезгілде орналастырылып, листингтен өтуі мәміленің маңыздылығын арттыра түсті. 2025 жылы Dim Sum облигацияларының дебюттік 3 жылдық шығарылымынан кейін жаңа транштар ҚДБ-ға қытай юаніндегі құралдар желісін кеңейтуге және **3, 5 және 10 жыл** мерзімдер бойынша CNH-дегі өзінің кірістілік қисығын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

ҚДБ-ның офшорлық юань нарығына жүйелі түрде шығуы кірістілік қисығының әртүрлі бөліктерінде баға бағдарларын қалыптастыруға ықпал етеді және **қазақстандық және басқа да орталық азиялық эмитенттерді CNH нарығына кейіннен орналастыру үшін бенчмарк** жасайды.

Шығарылымның бір бөлігі қазақстандық инвесторларға Astana International Exchange (AIX) инфрақұрылымы арқылы ұсынылып, оларға CNH-де номинирленген облигацияларды халықаралық орналастыруға тікелей қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Бұл мәміле өзінің рекордтық көлемімен қатар орындау күрделілігімен де ерекшеленеді. Оған 5 және 10 жылдық мерзіммен екі транштың бір мезгілде орналастырылуы және халықаралық және қазақстандық инфрақұрылымдардың тығыз үйлестіру қажеттілігі себеп болды.

BCC Invest мәміленің жергілікті бөлігін үйлестірді, оның ішінде AIX биржасымен және инфрақұрылымдық қатысушылармен өзара іс-қимылды, жергілікті book-building процесін ұйымдастыруды және есеп айырысуды қамтамасыз етті. BCC Invest-тің бұл орналастыруға қатысуы компанияның қазақстандық эмитенттердің халықаралық капитал нарықтарына қолжетімділігін дамыту және жергілікті инвесторлардың халықаралық борыштық орналастыруға қатысу мүмкіндігін кеңейту бағытындағы жүйелі жұмысын көрсетеді.

Орналастыру нәтижесі Қазақстанның халықаралық борыштық капитал нарығындағы рөлінің артып келе жатқанын және отандық компаниялар үшін

юаньдік қаржыландыруды одан әрі дамыту әлеуетінің жоғары екенін көрсетеді. ВСС Invest командасы бұл бағыттың айтарлықтай әлеуеті бар деп санайды және ҚДБ-ның сәтті мәмілесі қазақстандық эмитенттердің Азия капитал нарықтарына одан әрі шығуына ықпал етеді деп күтеді.

**RMB-орналастыру – Қытай юанінде орналастыру*

Компания туралы

ВСС Invest инвестициялық компаниясы Қазақстанның бағалы қағаздар нарығында 1998 жылдан бастап қызмет атқарады және брокерлік қызмет көрсету, активтерді, оның ішінде зейнетақы активтерін сенімгерлік басқару, қаржылық консалтинг, бағалы қағаздар андеррайтингі қызметтерін көрсетеді. ВСС Invest – ЦентрКредит Банкінің еншілес ұйымы.

ҚР ҰБ бағалы қағаздар нарығындағы қызметті жүзеге асыруға берген 10.07.2018 жылғы № 3.2.235/12 мемлекеттік лицензиясы.

БАҚ-пен байланысатын тұлға:

Банченко-Батунова Юлия, тел. +7 (747) 479 89 38
e-mail: yubanchenko-batunova@bcc-invest.kz